

Ректордың м.а.
2024 ж. 16.01.
№ 06-01-25/8
бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы
Сот төрелігі академиясы магистранттарын қорытынды
аттестаттаудан өткізу
ТӘРТІБІ**

1 Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы магистранттарын қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының 2024 жылғы 19 қарашадағы № 1-8/56 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясында оқу процесін, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру Қағидаларының 31-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Магистранттарды қорытынды аттестаттау кешенді емтихан тапсыру және магистрлік жобаны қорғау нысанында академиялық күнтізбеде және оқу жоспарында көзделген мерзімде өткізіледі.

3. Магистранттарды қорытынды аттестаттаудан өткізу үшін құрамында кемінде бес адам бар аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

4. Комиссия құрамына ғылыми/академиялық дәрежесі немесе дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе ғылыми атағы бар тұлғалар, сондай-ақ судьялар кіреді.

5. Комиссия төрағасы Академияда жұмыс істемейтін, бейіні сәйкес келетін неғұрлым тәжірибелі мамандар, ғалымдар, оқытушылар қатарынан тағайындалады. Бір тұлға Комиссия төрағасы болып қатарынан екі жылдан артық тағайындала алмайды.

6. Комиссия құрамы бірінші наурыздан кешіктірілмей Жоғары Сот Кеңесі Төрағасының келісімі бойынша Академия ректорының бұйрығымен бекітіледі және күнтізбелік жыл ішінде әрекет етеді.

7. Комиссия отырысының хаттамасын оның Комиссия құрамында бекітілген және дауыс беру құқығы жоқ хатшысы жүргізеді.

2 Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу

8. Кешенді емтихан мен магистрлік жобаны қорғау кестесін

Академиялық бағдарламалар мен жобалар орталығы (бұдан әрі – АБЖО) әзірлейді, Академия ректоры бекітеді және қорытынды аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын жалпы назарға ұсынылады.

9. Кешенді емтихан Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген бағдарлама көлемінде өткізіледі.

10. Кешенді емтихан қабылданатын пәндер тізбесі Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

11. Емтихан материалдарын Академияның ғылыми-білім беру орталықтары (бұдан әрі – орталықтар) әзірлейді, оларға осы материалдардың сапасын қамтамасыз ету жүктеледі.

12. Кешенді емтихан сот ісін жүргізудің: азаматтық, қылмыстық, әкімшілік-деликттік және әкімшілік нысандары бойынша кейс шешу арқылы компьютерде орындалады.

16. Кешенді емтиханның нәтижесі осы Тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша бағаланады.

17. Кешенді емтиханға бөгде адамдардың қатысуына жол берілмейді.

18. Кешенді емтихан өткізуге арналған аудитория бейнежазбамен қамтамасыз етіледі.

19. Кешенді емтихан өткізу кезінде оқу материалдарын пайдалану, басқа магистранттармен немесе өзге де тұлғалармен тілдесу, электрондық не мобильді байланыс құралдарын қолдану, рұқсатсыз орын ауыстыру, осы Тәртіптің 2-қосымшасына сәйкес шығарып жіберу туралы акт жасай отырып, магистрантты емтихан өткізу орнынан шығарып жіберу үшін негіз болып табылады.

20. Кейс шешу компьютерде орындалады. Емтихан билеті кешенді емтиханға шығарылған барлық пәндер бойынша тапсырмалармен ілесе жүретін құрама кейсті қамтиды. Кейсті шешу кезінде Академия ұсынған нормативтік құқықтық актілерді пайдалануға жол беріледі.

21. Кейсті шешу үшін 120 минут беріледі. Кейс шешу аяқталғаннан кейін осы Тәртіптің 4-қосымшасына сәйкес емтихан бланкі басып шығарылады және Комиссия хатшысы оны магистрантқа танысу үшін ұсынады. Магистрант емтихан бланкісінің жыртылмалы бөлігіне қол қояды, оны Комиссия хатшысы академияның вице-ректорына тапсырады. Академияның вице-ректоры кейс шешімдерін шифрлауды жүзеге асырады.

22. Комиссияның әрбір мүшесі осы Тәртіптің 5-қосымшасына сәйкес кейс шешудің жеке тізімдемесін толтырады, онда шифрға қарама-қарсы өз бағасын қояды. Комиссияның әрбір мүшесі қол қойған жеке тізімдемелер осы Тәртіптің 6-қосымшасына сәйкес жалпы тізімдемені құрастыру үшін Комиссия хатшысына тапсырылады. Жалпы тізімдеме шифрсыздандыру үшін Академияның вице-ректорына беріледі.

23. Академияның Вице-ректоры жалпы тізімдемені шифрсыздандыруды жүзеге асырады және осы Тәртіптің 7-қосымшасына сәйкес емтихан тапсырушының тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып, кейстердің шешімі

бойынша жалпы тізімдемені қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін Комиссия төрағасына береді. Кейстердің шешімі бойынша шифрсыздандырылған жалпы тізімдемеге Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

24. Кешенді емтиханның нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді.

25. Кешенді емтиханның нәтижесімен келіспеген магистрант ол өткізілгеннен кейін келесі жұмыс күні сағат 13:00-ден кешіктірмей апелляция беруге құқылы.

26. Апелляцияны өткізу үшін Академия ректорының бұйрығымен біліктілігі білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін жетекші оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

27. Магистрлік жобаны қорғау ауызша жүзеге асырылады.

28. Магистрлік жобаны қорғау басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей орталықтар Комиссияға әрбір магистранттың:

- 1) ғылыми жетекшісінің оң пікірін;
- 2) қорғауға ұсынылған магистрлік жобаның жан-жақты сипаттамасын және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы көрсетілген дәлелді қорытындысын, сондай-ақ «магистр» дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды жасалатын магистрлік жобаға сын-пікірді;
- 3) көшіріп алуды тексеру туралы анықтаманы (плагиат);
- 4) жарияланымдарын (кемінде бір мақала);
- 5) қорғауға ұсыну туралы орталықтың шешімін (орталық отырысы хаттамасынан үзіндіні) ұсынады.

29. Магистрлік жобаны қорғау Комиссияның ашық отырысында өткізіледі. Бір магистрлік жобаны қорғау ұзақтығы 30 минуттан аспайды.

30. Магистрлік жобаны қорғау нәтижесі осы Тәртіптің 1-қосымшасына сәйкес бағалаудың 100 балдық шәкілі бойынша бағаланады.

31. Магистрлік жобаны қорғау нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді, ол әрбір магистрантқа жеке толтырылады.

32. Оң бағаны көтеру мақсатында кешенді емтиханды қайталап тапсыруға немесе магистрлік жобаны қайталап қорғауға жол берілмейді.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаға кешенді емтиханды қайта тапсыруға, сондай-ақ магистрлік жобаны келесі оқу жылында қайта қорғауға жол беріледі.

33. Кешенді емтихан бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған немесе магистрлік жобаны қорғауға ұсынбаған магистранттар АБЖО директорының ұсынысы негізінде Академия ректорының бұйрығымен оқудан шығарылуға жатады.

34. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын игергенін растау және магистрлік жобаны көпшілік алдында қорғау арқылы қорытынды аттестаттаудан өткен магистрантқа Комиссия шешімімен тиісті

білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесі және қосымшасы бар диплом беріледі.

35. Академия ректорының бітіру туралы бұйрығы қорытынды аттестаттау аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Комиссия төрағасының ұсынымы негізінде шығарылады.

36. Комиссия төрағасы қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы есеп әзірлейді, ол Академияның Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады және бекітіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясы магистранттарын
қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібіне 1-қосымша

Магистранттардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік
әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша баға	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық мазмұн	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлық
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	Қанағаттанарлықсыз

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясы магистранттарын
қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібіне 2-қосымша

Кешенді емтиханды өткізудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін
магистрантты шығарып жіберу туралы
АКТ

Аудитория № _____

Мекен-жай: _____

Шығарып жіберудің күні мен уақыты:

20__ж. «_____» _____, ____сағат ____минут

Біз, төменде қол қоюшылар,

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының мүшесі

_____ (тегі, аты-жөні)

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының хатшысы

_____ (тегі, аты-жөні)

Бағдарламашы

_____ (тегі, аты-жөні)

Магистрант _____

_____ (тегі, аты-жөні)

_____ (жеке басын куәландыратын құжат)

кешенді емтиханды өткізу кезінде Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі академиясы магистранттарын қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібінің талаптарын бұза отырып

_____ (бұзушылықты көрсету)

_____ туралы осы актіні жасады.

Шығарып жіберу туралы актімен таныстым:

_____ (кешенді емтиханды өткізу тәртібін бұзған тұлғаның тегі, аты-жөні)

20__ж. «_____» _____

_____ (қолы)

Шығарып жіберу туралы актімен танысудан бас тарту

_____ (себебін көрсету)

Шығарып жіберу туралы актіні жасаған тұлғалардың қолдары:

(шығарып жіберу туралы актіні жасаған тұлғалардың тегі, аты-жөні

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясы магистранттарын
қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібіне 4-қосымша

аты-жөні/ ФИО

Күні /дата

қолы/подпись

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы

Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

Емтихан бланкі/Экзменационный бланк

Жауап жазуға арналған орын (магистрант толтырады) / Поле для ответа (заполняется магистрантом)

Күні /дата

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясы магистранттарын
қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібіне 5-қосымша

Кейстерді шешу бойынша аттестаттау комиссиясы мүшесінің
емтихан тізімдемесі

Экзаменационная ведомость по решению кейсов
члена аттестационной комиссии

«___»_____20__ж./г.

Ағым/поток №_____

№	Шифр	Кейстің №/ № кейса	Баға (балдары) / Оценка (баллы)
1			
2			
3			

комиссия мүшесінің аты-жөні, қолы /
Ф.И.О. члена комиссии, подпись

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясы магистранттарын
қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібіне 6-қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы

Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

Кешенді емтихан
Комплексный экзамен

Емтихан тізімдемесі (КЕЙС ШЕШУ)
Экзаменационная ведомость (РЕШЕНИЕ КЕЙСА)

___ ағым/поток

«___» _____ 20___ ж./г.

№	Шифр	Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің бағасы / Оценка членов аттестационной комиссии							Қорытынды баға (%)
		Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Итоговая оценка (%)
1									
2									
3									

Комиссия төрағасы / Председатель комиссии:

Комиссия мүшелері / Члены комиссии:

Комиссия хатшысы / Секретарь комиссии:

Қазақстан Республикасы
Жоғары Сот Кеңесінің
жанындағы Сот төрелігі
академиясы магистранттарын
қорытынды аттестаттаудан
өткізу тәртібіне 7-қосымша

Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің жанындағы Сот төрелігі академиясы
Академия правосудия при Высшем Судебном Совете Республики Казахстан

Кешенді емтихан
Комплексный экзамен

Емтихан тізімдемесі (КЕЙС ШЕШУ)
Экзаменационная ведомость (РЕШЕНИЕ КЕЙСА)

___ ағым/поток

« _____ » _____ 20__ ж./г.

№	Магистранттың аты-жөні ФИО магистранта	Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің бағасы /Оценка членов аттестационной комиссии							Корытынды баға (%) Итоговая оценка (%)
		Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	Аты-жөні /ФИО	
1									
2									
3									

Комиссия төрағасы / Председатель комиссии: _____

Комиссия мүшелері / Члены комиссии: _____

Комиссия хатшысы / Секретарь комиссии: _____